

ӘОЖ-327

**ҮНДІСТАН МЕН ПӘКІСТАН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ДАУЛЫ
ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ**

Қаланбек Бизада

bizada.kalanbekir@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің
Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Әлемнің қандай да бір мемлекеттері соғысқан жағдайда тек сол мемлекеттерге емес барлық әлем мемлекеттеріне зиянын тигізеді, ол экономикалық болсын немесе саяси болсын. Ал осы Үндістан мен Пәкістан арасындағы даулы қақтығыстар әлі күнге дейін шешілмей келеді, даулы қақтығыс мемлекеттер арасында тәуелсіздік алған жылдарынан басталады. Шешілмеуінің негізгі себептері шекараның екі аумаққа теңдей етіп бөлінбеуі.

Жалпы бұл зерттеу жұмысының бір бағыты ретінде бұл оқиғаның дамуы Кашмир мәселесінен басталады. 1947 жылы Үндістан мен Пәкістан өз тәуелсіздіктерін алған кезден басталған қақтығыстардың бірі. Тәуелсіздік алған жылдары Кашмир өңірі Үндістанға қосылу туралы шешім қабылдайды, бірақ бұл шешімге Пәкістан тарапы келіспейді, осындай мәселенің туындауынан 1947 жылы мемлекет аралық соғыс басталды, соғысты тоқтатудың басты шешімі деп Біріккен Ұлттар Ұйымы екі мемлекет арасындағы шекара аумағын қайта бөлініске салды. Нәтижесінде 1949 жылы 27 шілдеде теңдей бөлінбеген аумақты қайта шекара аумағын сызып, Солтүстік , Батыс Кашмир Пәкістанға, ал аумақтың қалған көп бөлігі Үндістанға беріледі. Бұл екі тарап іс-жүзінде риза болғанымен артынша Пәкістан тарапы риза болмай 1965 жылы екі ел арасындағы даулы қақтығыс қайта басталады. Сол жылғы соғысты басуда басты рольді ойнайтын мемлекет Ресей тарапының позициясының әсерінен тоқтады. Бұл екі ел арасындағы соғыстар мәселесі тек бұл соғыстармен тоқталып қана қоймай, осыдан бөлек бірнеше соғыстар болған, тіпті кейбір жағдайда лаңкестік ұйымдардың қатысуыменде болған қақтығыстар саны көп десек болады. [4]

Екі ел қарым-қатынасын жақсарту үшін Шимла саммиті, Агры саммиті және Лахор саммиті сияқты қарым-қатынастарды жақсарту үшін көптеген әрекеттер жасалды. Бірақ 80 жылдардың басында екі ел арасындағы қарым-қатынастар нашарлап кетті, оған әсіресе Сиачендағы қақтығыстар, 1989 жылғы Кашмир көтерілісінің өршуі, 1998 жылғы көптеген ядролық сынақтар мен 1999 жылғы Каргиладағы соғыс әсер етті. 2003 жылы атысты тоқтату туралы келісім мен Дели-Лахор автобус қызметі сияқты сенімді нығайту шаралары шиеленісті біршама азайтты. Алайда бұл шараларға террористтік шабуылдар кедергі келтіруде. 2001 жылғы Индия парламентіндегі шабуыл екі ел арасындағы ядролық соғысқа әкеле жаздады, бұл қақтығыс әлемнің үрейін туғызған қақтығыстың бірі болды. Сонымен қатар, 2007 жылы 68 азаматтық адамды өлтірген Самджута Экспресс жарылыстары (олардың көпшілігі Пәкістандық) да үлкен рөл ойнады. Бұдан басқа, 2008 жылы Пәкістанның жақтастары жасаған Мумбайдағы шабуылдар Үндістан мен Пәкістандағы бейбіт келіссөздерге қатты соққы берді. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым екі елдің осындай жарылыстарға куә болуы ішкі алауыздықтың әсері мен сыртқы саясаттағы позицияларын нығайтуын көруімізге болады.[3]

Кіріспе нәтижелерінен шыққан халықаралық желілер.

(Дереккөз:автормен құрылған)

1. Шартты белгілер:
1. Мемлекеттер арасындағы қақтығыстар
2. Мемлекеттер арасындағы саммитер
3. Ұйымдар
4. Лаңкестік ұйымдар
5. Даулы мәселені шешуші мемлекеттер
6. Даулы мәселені шешуші мемлекеттер өткізген саммит

7. Халықаралық ұйым

8. Мемлекеттер

Басты себептерді қарастыра отырып, Үндістан мен Пәкістанның қақтығысының негізгі себептерін бірнеше бағытқа бөлуге болады:

- Тарихи - (қақтығыс Үндістан мен Пәкістан арасындағы бөлінуден басталған)
- Ұлтшылдық- (билікке талас).
- Территориялық - (Үндістан мен Пәкістан арасындағы шекаралардың нақты бөлінуінен басталған).

Үндістан мен Пәкістан арасындағы даулы қақтығысты реттеу барысы 1949 жылдан басталады десек болады. 1949 жылғы қақтығыс БҰҰ-ның қатысуымен 27 шілдеде шекара аумақтары белгіленіп Батыс және Солтүстік Батыс Кашмир Пәкістанға, ал аймақтың қалған көп бөлігі Үндістанға берілді. Бірақта бұл келісімге келіспейтіндігін айтқан болатын. Бұл мәселе 2002 жылы тағы қозғалып Азия мемлекеттерінің президенттерінің қатысуымен тоқталып 2017 жылы Үндістан мен Пәкістан Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысуымен аяқталған болатын.

- Саяси қатынастарда мемлекеттер арасындағы саяси дағдарысты шешу.
- Үндістандағы су келісімшартын нақты бағытын шешу.
- Үндістанға қарсы тиімсіз террорлық соғысты тоқтату.

Аналитикалық бөлім

Қақтығысты шешуге қатысушы тараптар арасындағы қатынастарды талдау барысында байланыстар мен өзара іс-қимылдар келесі бағыттар бойынша жүреді:

1. халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимыл ретінде;
2. шарттар мен келісімдер арқылы өзара әрекеттесу ретінде;
3. мақсатқа жету;
4. қорғаныс саласын дамыту;
5. өз мүдделеріне ықпал ету.

Бірінші критерий бойынша қақтығысты шешу мақсатында көмектескен ұйымдар:

- БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы)- Ресей, АҚШ,
- 1965 жылы қарулы қақтығысты- Ресей, АҚШ мемлекеттерінің аралсуымен тоқтады.
- 2002 жылғы жанжалды- Қазақстан, Азия мемлекеттерінің қатысуымен тоқтатылды.
- 2004 жылғы Бейбіт келісім- Үндістан, Пәкістан

2004 жылдың қаңтарында басталған бейбіт келісім нәтижесінде нақты нәтижелерге қол жеткізілді: [3].

- Кашмирдің үнді және пәкістандық бөліктерін автобус жолы біріктірді;
- мемлекетаралық теміржол қатынасы жақсарды;
- сауда және мәдени салада ілгерілеу байқалды.

Бірінші критерий бойынша қатынастарды анықтау мемлекеттер арасындағы байланысты шарттар мен келісімдер негізінде анықтауға мүмкіндік берді Екінші критерий:

1940-1960 жылдары Үндістанның ядролық бағдарлама бойынша бүкіл ел бойынша ядролық энергетика инфрақұрылымын кеңейді [2].

- 1988 жылы мәдени алмасулар мен азаматтық авиация туралы келісімдер
- 1998 жылы Үндістан өзінің екінші ядролық сынағы

Үшінші критерий

Көптеген елдерде Үнді диаспорасының және Пәкістан диаспорасының үлкен көлемі диаспоралық қарым-қатынастарды күшейте түсті. Біріккен Корольдікте тұратын британдық үндістер мен британдық пәкістандар бір-бірімен достық қарым-қатынаста деп саналады. Британдық үндістер мен британдық пәкістандықтар бір-бірімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүретін Бирмингем, Блэкберн және Манчестер сияқты түрлі қалалар бар екенін ескеруіміз керек.

- Үнді Пәкістан ерте халықтары бір-бірімен тығыз байланыста
- Тарихи бағыттарын сақтап қалуға болады.

Күшті тұстар S (Strengths)	Әлсіз тұстар W (Weaknesses)
1. Сауда саласына сұраныс артады. 2. Мемлекеттермен қарым-қатынастар күшейе түседі. 3. Халықтар тарихын қорғап қалуына өз күштерін салады. 4. Ядролық қару арқылы мемлекетті сақтап қалу.	1. Мемлекеттер аренадағы орнын жоғалту. 2. Миграция 3. Жергілікті тұрғындар арасындағы құқық бұзушылық. 4. Одақтастар арасындағы қолдаулардың азаюы.
Мүмкіндіктер O (Opportunities)	Қауіптер T (Threats)
1. Қару-жарақ саласындағы сұраныстың дамуы. 2. Шекараны сақтап қалу. 3. Шекарадан айырылып қалу. 4. Жекелеген өндірістің артуы 5. Темір жол саласына сұраныс арту.	1. Еуропа мемлекеттерінің экономиканы басып озуы. 2. Саяси тәуелсіздікті жоғалту. 3. Экономикалық тәуелсіздіктің жойылу қаупі. 4. Заңсыз қару-жарақ саласының артуы. 5. Лаңкестік ұйымдардың артуы.

(Дереккөз:автормен құрылған)

Свод талдауында көріп отырғанымыздай Күшті тұстарының нәтижесі болса елдің бірігуге ұмтылу саясатының дамуы мүмкін екенін атап өтуге болады. Сонымен бірге, сарапшылар қазіргі уақытта Үндістан мен Пәкістан арасындағы қатынастарға шетелдік мемлекеттердің ықпал ету мүмкіндігі шектеулі екенін атап өтті. Ең алдымен, бұл елдің сыртқы саясатында басшылыққа алатын принциптерге негізделген Нью-Делидің нақты ұстанымына байланысты.

Ал мүмкіндіктер қару-жарақ саласының артуына әкеледі.

Әлсіз тұстарына екі мемлекетке келуші миграция мәселесінің жойылуына әкеледі. Қазіргі уақытта барлық АҚШ, Еуропалық Одақ, Ресей және Қытай - Үндістан мен Пәкістанды өз мәселелерін бейбіт жолмен шешуге шақырады. Алайда, елдердің әрқайсысының өз одақтастары бар екенін және одақтастармен бірге өз позицияларын нығайтады. АҚШ Пәкістанды әскери одақтасы түрінде қолдайды. Бірақ қазір американдықтар көбіне Үндістан жағына шығады. Пәкістан қазір Исламабадты қолдап шыққан Қытайдың стратегиялық серіктесіне айналды. Алайда, Қытай Пәкістан билігіне тиімді саясат жүргізуге шақырған болатын. Әлемдік мәселелер бойынша Қытай мен Үндістанның ұстанымдары ұқсас болғандықтан болашақта осы екі ел арасында одақтастық пайда болады деген болжам жасағым келеді.

Қауіпті тұстары екі мемлекеттің аренадағы орнын жоғалту. Ірі держава мемлекеттер арасындағы қақтығыс, санкция мәселелері қақтығыс жүріп жатқан мемлекеттер арасында санкция салып екі мемлекетті жауластыру арқылы өз үстемдіктерін жүргізуі мүмкін екенін байқаймыз.

Төртінші критерий:

Қорғаныс саласында өздерін қорғап қалуда екі елдің әскери әлеуетін салыстырудағы кездегі жалпы қателік - бұл сандық көрсеткіштерді талдауға баса назар аудару, оның айырмашылығы, бір жағынан, айқын, екінші жағынан, бұл соғыс қимылдарының нәтижесінде әрқашан шешуші емес. Сапалық сипаттамаларға назар аудару әлдеқайда маңызды деп ойлаймын. Пәкістан аз ресурстарға ие, жинақталған әскер құра алды, ол жоғары кәсіби деңгейде және көптеген ұрыс тәжірибесіне ие екенін білеміз. Ал Үндістан, өз кезегінде, қарулы күштер саны мен әскери техниканың саны жағынан артықшылығы бар, олардың тиімділігіне әсер ететін бірқатар қиындықтарды бастан кешуде. Үндістанның Қорғаныс министрлігі мойындаған ең өзекті мәселелердің бірі - әскери авиацияның және жаңа жауынгерлердің жетіспеушілігі. Қақтығыс қайта өршіген уақытта жоғары ықтималдықпен ішкі сатып алуларды жеңілдетуге бағытталған сатып алу рәсімдерін қайта қарау туралы, сондай-ақ нақты бағдарламаларды жеделдету туралы ішкі саяси талқылауды күшейтуге әкеледі, негізінен Үндістан әуе күштері үшін жаңа әуе күшпен қамту және жаңа одақтастар табу арқылы жаңа мүмкіндіктерге ие болады деп ойлаймын.

Алтыншы критерий:

Қақтығыстар екі ел арасындағы Үндістан-Пәкістан қатынастарының соңғы жылдардағы дамуы екі ел қарым-қатынасындағы ауқымды соғыстың басталуы туралы болжамдар негізсіз болып көрінеді. Қазіргі уақыттағы Үндістан Пәкістан позициясында қақтығысушы тараптардың ешқайсысы бұған мүдделі емес. Премьер-министр Имран Хан бастаған Пәкістанда билікке 2018 жылдың шілдесінде келген Техрик-и-Инсаф партиясы (әділеттілік үшін қозғалыс) ұзақ мерзімді өзара тиімді қарым-қатынас орнатып, елдің имиджін көтеруге бағытталған теңдестірілген сыртқы саясат жүргізуге тырысады. серіктестермен қарым-қатынас және экономикада инвестициялар беру арқылы позициясын нығайтуға ықпал жасап жатыр.

Қорытынды

Қорытындылай келе Үндістан мен Пәкістанның арасындағы қақтығыстың шиеленісуі ядролық қару қолдануға дейін барды. Қару қолдану арқылы мемлекетерге көп шығын әкелді. Шығын нәтижесінде Кашмир дағдарысына барған болатын.

Көптеген сарапшылардың пікірін оқи отырып қазіргі жағдайда басқа державалар Үндістан мен Пәкістан арасындағы қайшылықтарды жоюға тырысып жатыр. Өйткені, екі елде де ядролық қару бар екіні, сондықтан олардың арасындағы қарулы қақтығыс әлемді саясатқа кері әсерін тиігзеді.

Екі мемлекет арасында жүргізген сауалнамаларды алып қарастыратын болсақ 2017 жылғы BBC World Service сауалнамасына сәйкес, индиялықтардың тек 5% -ы Пәкістанның ықпалын оң деп санайды, 85% -ы теріс көзқарасты білдірсе, Пәкістан халқының 11% -ы Үндістанның ықпалын оң деп санайды, ал 62% -ы теріс көзқарасты білдірді [1]. Осы сауланамаға қарап қазіргі уақытта Үндістанның ықпалы төмен деп ойлаймын. Себебі Үндістанның Қытаймен қарсы соғыстары Үндістанның әскери әлсіреуіне әкеледі деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1."2017 BBC World Service Global Poll" (PDF). BBC World Service. Retrieved 4 August 2017 /[Электрондық ресурсы] URL: <https://www.bbc.co.uk/programmes/p02nq0gn/episodes/downloads>
 - 2.Mehr Chand Mahajan (1963). Looking Back. Bombay: Asia Publishing House (Digitalised by Google at the University of Michigan). p. 162. URL:/9788124101940
 - 3.National Portal of India - /[Электрондық ресурсы] URL: <https://www.india.gov.in/>
 - 4.National Portal of Pakistan- / [Электрондық ресурсы] URL: <http://www.pakistan.gov.pk/>
- ӘОЖ-327